

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жолдасбеков М. Асыл арналар. I том. Зерттеулер. Мақалалар. – Астана: Күлтегін, 2012.
2. Влахов С, Флорин С. Непереводимость в переводе. - М: Международные отношения, 2012.
3. Вайсбурд М.Л. Реалии как элемент страноведения //Русский язык за рубежом №3, 1972.
4. Бреус Е.В. Основы теории и практики перевода с русского языка на английский. -М.: Наука, 1993.
5. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. - Алматы: Арыс, 2005.

УДК 821.512.122.0

<https://doi.org/10.53355/q6780-0264-4961-k>

МЫСАЛ ЖАНРЫНДАҒЫ ДИДАКТИКА МЕН ЭСТЕТИКАНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ ОРНЫ

Сарсенова Ж., 1 курс магистрі

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Мысал жанрындағы туындылар көне дәуір кезеңіндегі пайда болған шығармаларда ара тұра мифографиялық және мистикалық сюжеттер орын алатындығын аңғаруға болады. Олар мысал болса, мысал - әріден келе жатқан, эпостың шағын да өткір жанры туралы ой өрбітіледі.

Тірек сөздер: *Мысал, Рабғұзи, Сайф, Федр, Ксанф*

Жанр басни были придуманы давние времена, в которых присутствуют эпос и оно наиболее острый жанр по сравнению с другими произведениями. В аллегорических произведениях присутствуют иногда мифические и мистические сюжеты которые ярко влияют на нравственное воспитание подрастающего поколение.

Ключевые слова: *Басня, Рабгузи, Сайф, Федр, Ксанф*

Fables were invented long ago, in which there are epic and it is the most acute genre compared to other works. In allegorical works there are sometimes mythical and mystical stories that vividly affect the moral education of the younger generation.

Keywords: *Fable, Rabguzi, Sayf, Phaedrus, Xanthus*

Мысал жанрындағы дидактика мен эстетиканың әдебиеттегі орнын айтқанда тарихта екі Эзоп болғандығын айтқан жөн. Біріншісі – біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда өмір сүрген ежелгі грек сықақшысы, мысал жанрының негізін салушы. Аңыз бойынша ол жас кезінде өзінің усойқы тілінен тартыпты, оның әжуасына ызаланған біреулер оны жартастан лақтырып жібереді де, аяғы сынып, өмір бойы ақсақ болып қалыпты деген дерек те бар. Бұл Эзоп өзі бас терісі келіспеген, кейіп-кеспірден жұрдай, басында билігі жоқ құл болған. Сөйте тұра ол өз заманының қияли данышпаны ретінде халықтың құрметіне бөленеді. Эзоптың атақты мысалдары ежелгі Римнің мысалшысы Федр (б.д.дейінгі I ғасыр) мен көне гректің мысалшысы Бабрийден (б.д. I-II ғасыр) бастап, бергі Лафонтен мен Крыловқа, Абай мен Байтұрсыновқа дейінгі талай мықтылардың өңдеуінен өтіп, бүгінгі күнге жетті.

Ал римдік трагик-эртис болған екінші Эзоп Клодий (б.д.дейінгі I ғасыр) туралы мәлімет мардымсыз” [1, 11 б.] -дейді де, Эзоптың айтып кеткен мысалдары мен даналық сөздерін, афоризмдерін, қысқа әңгімелерін келтірген. Зерттеушілердің шамалауынша, Эзоптың мысалдар саны – 650 болса, ал қазақ тіліне аударылғандардың саны – 73 екен. Сол шығармаларда қазақтың әфсаналары мен афоризмдік қысқа қайырымды, дидактика

тұрғысында жазылған әңгімелерінің ішінде формасы мен жанрлық жағы ұқсас, тіпті сюжеттік желелері дәл келетін мұралар ара-тұра кездесетінін айта кеткен абзал.

Айталық, шамамен 1320 мен 1436 жылдары өмір сүрген Сайф Сарайдың “Түлстан би-т-турки” (“Түл бағы”) туындысындағы 178 - хикаяттан тұратын дидактикалық сарында жазылған шығармасында және шамамен XIII ғасырда өмір сүрген Насыретдин Рабғұзидің “Рабғұзи қиссалары” деген еңбегінде мол кездеседі.

Мысалы, Эзоптың “Өгей шеше” атты мысалында: “Бірде Ксанф қасына Эзопты ертіп, дастарханға шөп-шалам алуға бақшашыға барыпты.

Ксанф өзіне керек көкөністерін таңдап алып, енді ақшасын төлейін деп тұрған кезде бақшашы оған:

- Егер сен маған мынаны түсіндірсең осы алғандарыңның бәрін тегін берер едім: мен қанша баптасам да жерге еккен жемістерімнен гөрі арам шөптер басып шығады, неге бұлай?-депті.

Ксанф бұған жауап бере алмай аңтарылып қалады. Сонда Эзоп:

- Егер екінші рет күйеуге шыққан әйелдің үйде өз балалары және күйеуінің бұрынғы әйелінен қалған балалары да болса, өзінен туған балаларына ол – ана, күйеуінің балаларына - өгей шеше болады. Сонда ол, сеніңше, кімнің баласын жақсы көріп, көбірек тамақтандыра еді? – дейді.

- Әрине, өз баласын, - деп жауап беріпті бақшашы. Міне, жер де сондай. Өзінен туған өсімдіктерге ол ана да, сенің еккендеріңе өгей шеше емес пе? – депті [2, 11 б.] сонда Эзоп.

Рабғұзи мысалындағы төмендегі хикаят сюжеті дәл Эзоптың шығармасындағы мазмұнды қайталамаса да, адамды ойлантар, тәрбиелік жағы басым, сонымен бірге шешендік өнердің үлгісі афоризм тұрғысындағы жазылған, қысқа болса да нұсқа шығарма екендігін көрсетеді.

“Хазірет Лұқпанға қожасы бидай ек деп бұйырады. Бұл кісі арпа екті. Қожасы айтты: “Мен бидай ек десем, арпа егіпсің”. Хазірет Лұқпан айтты: “Олай болса, не үшін жамандық жасап жақсылықтан үміт етесіз?”. Бұл әңгімеден кейін қожасы жаман істен тыйылды [3, 278 б.].

Сайф Сарайдың “Түлстан би-т-турки” (“Түл бағы”) туындысында: “Бір уәзірдің бір біліксіз ұлы бар еді. Оны алып ғалымның қолына береді: “Баламды тәрбиеле, тәрбие алса ақылы кірер”, - деді. Ғалым біраз тәрбиелеп көрді, оған тәрбие қонбады. Сонда ғалым айтты: “Бұл баланы әкесіне апарып салыңдар. Сәлем айтыңдар: “Балаңды қанша тәрбиелесем де, ақылды болатын емес, оның есесіне мен ақымақ болуға айналдым”- деген екен.

Тағы бір әңгімесінде: “Бір кісінің үйіне ұры кірді. Іздеп, алатын ештеңе таппады. Үйден ренжіп шықты. Үй иесінің бір кілемі бар еді, ол кілемнің үстінде жатқан. Ұрының ренжіп бара жатқанын көріп, бос кетпесін деп кілемін оған берді” [4, 278 б.] – деп, келетін қысқа әңгіме Эзопта да жоқ емес.

Мәселен, Эзоптың айтып кеткен деген тағы бір мысалында: “Бір жолы көшеде Эзопқа қала әкімі жолығып қалып, қайда бара жатқанын сұрайды.

- Қайда бара жатқанымды білмеймін! – деп қисық жауап береді Эзоп. Қаланың бастығы ол өзін мазақ қылып тұр деп ойлап, шамданып қалады да, сақшыларды шақыртып, Эзопты түрмеге жабуды бұйырады. Олар қолын қайырып әкете бергенде Эзоп:

- Мен саған айттым ғой! Көшеде кетіп бара жатып түрмеге түсетінімді мен қайдан білейін? – деп ышқына айқайлапты.

Эзоптың тапқырлығына таңқалған әкім оны табанда босаттырып жіберген екен” [5, 11 б.].

Рабғұзидің “Қисса-сул әнбиясындағы” тағы бір қиссасында Лұқман хәкім турасында мынадай хикая бар:

“Лұқман хәкімге патшасы: “Жақсы ет ас, жоғары мәртебелі қонақтар келеді” деген екен. Лұқман хәкім қой сойып, жүрегі мен тілін асып береді. Біраз уақыт өткен соң, патшасы: “Келетін қонақтар нашарлау, жаман ет ассаң да болады” деген екен. Бұл жолы да Лұқман хәкім, қой сойып, жүрегі мен тілін асып береді. Патшасы мұның мәнісін сұрағанда: “Тәтті болмақ та тіл мен жүректен, ащы болмақ та тіл мен жүректен” [6, 278 б.] деп жауап берген екен.

Рабғұзидің аталмыш қиссасындағы хикаяға ұқсас, айтар ой мен идеясына ұқсас Эзоптың “Әрі тәтті, әрі ащы” әңгімесі бар. Оқиға желісі төмендегідей келеді: “Бірде Ксанф Эзопқа үйге достары қонаққа келетінін айтып, ең бір дәмді тағамды дайындап қоюды тапсырады.

- Қонақтар келгенде дүниедегі ең мықты тағам дайын тұрады, - дейді Эзоп саспай. Сөйтіп ол базардан тіл сатып әкеліп, қонақтарға қуырып береді. Қонақтар соншалық сүйсініп жей қоймайды.

Дүниедегі ең мықтының түрі осы ма? – деп Ксанф көңілі толмай, ашу шақырады.

- Иә, - депті Эзоп, - дүниеде тілден артық ештеңе жоқ. Тілсіз сен дүниеде ештеңе де істей алмайсың: айтарыңды айта алмайсың, ешкімге бұйыра алмайсың, бере алмайсың, ала алмайсың, мемлекет те құра алмайсың, онда тәртіп орнататын заң да шығара алмайсың, бәрі-бәрі, оның ішінде сенің философияң да бар, тілдің арқасында өмір сүреді, Ксанф!

Эзоптың бұл сөзіне қожасы да, оның қонақтары да ештеңе айта алмапты.

Келесі күні Ксанф тағы да достарын қонаққа шақырып, Эзопты сынау үшін:

- Енді бүгін базардан ең дәмсіз тағам сатып әкел, - деп бұйырыпты. Эзоп тағы да тіл әкеліп, пісіріп беріпті.

- Кеше сен дүниедегі ең дәмді тамақ – тіл демеп пе едің, бүгін енді оны неге ең дәмсізге санап отырсың? – деп мысқылдапты Ксанф.

- Өте дұрыс айтасың, қожайын, - деп жауап беріпті сонда Эзоп бүлк етпестен, дүниеде тілден жаман не бар? Ерегесті де, төбелесті де бастайтын сол, алдау, арбау, қызғаныш, өсекті себетін, айтыс, тартыс, соғысқа апарып, жұртты қыратын да осы тіл емес пе? Міне қазір, Ксанф, сенің өзің де тілдің көмегімен мені сөгіп тұрған жоқпысың... ?” [7, 11 б.] – деп, жауап береді.

Жоғарыдағы мысал жанрының басында тұрған гректің Эзопы мен қазақтың ерте кезеңіндегі Сайф Сарайы, Насыретдин Рабғұзиі өздерінің шығармаларындағы адам бойындағы жаман қылықтары мен сорақылықтарын ащы тілмен түйреп, өздерінің шешендігін ғана емес, асқан дидактикалық-тәрбиелік мағынадағы бағытты қолдайтындығын байқау қиын емес. Осы тұрғыдағы жазылған шығармалардың ішкі мазмұнына мән берсек, ондағы айтылған оқиғалар мен негізгі кейіпкерлері әр деңгейдегі адамдар. Олардың қылығы мен сөздері арқылы шығарманың идеясы мен көркемдігі ашылып, өлеңнен гөрі қарапайым, қысқа прозалық тілмен жазылғандығы басым екендігін байқаймыз.

Академик Зейнолла Қабдолов мифография және ондағы антропоморфизмдегі мысал жанры турасында мынадай пікір ұстанған: “Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатта, көбіне аң, хайуанат, кейде зат туралы жазылады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік, күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырылып, сықақпен саналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясыз астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді.

Ежелгі Грециядағы аты шулы Эзоп (б.з.б. VIғ.) шығармаларын өз алдына қойғанда, мысал көне дүниеден күні бүгінге дейін көбіне өлеңмен жазылып келеді: Италияда Федр, Францияда Лафонтен, Германияда Геллерт, Англияда Мур, Россияда Крылов, қазақта Абай – бәрі солай жазған. Біздің тұсымыздағы мысалшылардан Сергей Михалков пен Асқар Тоқмағамбетовты бөліп айтуға болады” [8, 300 б.] – дейді.

Бұл пікір жоғарыдағы берілген мысалдардың түр мен формалық жағынан дәл келетін лайықты баға мен әрі теориялық анықтама. Өйткені жоғарыдағы мысалдар әрі қысқа да нұсқа жазылған шығарма. Сонымен бірге, шығарманың өн бойындағы негізгі сарын – сын мен сықаққа, сатираға толы, адам бойындағы міні мен кемшілігі әшкереленген.

Мифография және антропоморфизмнің түп-төркіні ауыз әдебиетіндегі ертегілерде қалыптасса да, оның әбден тәжірибе мен тезден өткен формасы жоғарыдағы Эзоп пен Федр, Бабрий, кейінгі кезеңде өмір сүрген европалық, орыс жазушы-мысалшылар - Лафонтен, Лессинг, Хемницер, Крылов, ежелгі және кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі Сайф Сарайи мен Рабғұзи, Дулат пен Ыбырай, Абай, Ахмет Байтұрсынов және т.б жазушылар өзінің шығармаларында пайдаланған.

Рас, мысалдың дүниеге келуінен бастап осы жанрдың өзі жақсы-жаман қасиеттерді айыру, ізгілікке ұмтылу, адамгершілік қасиеттерді уағыздау болса, оның сюжеті де, формасы да өзгеріп, дамып отыратыны, өзіндік эволюциялық жайды басынан өткеруі заңды құбылыс.

Қоғам мен заманның өзгеруі мысалдың өзін түрлендіреді. Қоғамның дамуына мысалдың қажеттілігі ауадай қажет десек, оның терең қайшылығын, өмір шындығын, қуат күшімен аса мол мүмкіндігі бар сатира мен ирония арқылы бүкіл адамзатқа ой салатын күшті жанр екендігін әдебиет қайраткерлері мен ойшылар әлдеқашан дәлелдеген. Мәселен, орыстың ұлы сыншысы В.Г. Белинский бұл жанрды: “Сатираға суғарылған – поэзияның нағыз ерекше жанры” десе, академик З. Қабдолов бұл жанрды “Мысал адамгершілік мұқтаждығын өтеу мақсатында жанр ретінде әдебиет арнасына тоғысты” [9, 300 б.] - дейді.

Мысалдың құрылымы да әрқалай, ол кейде прозалық шағын әңгіме болып жазылады, кейде өлең жолдарымен де өрнектеледі. Прозада көбіне – көп ойдың айқындығы басым болса, өлең немесе поэзия тілімен жазылған шығармада көркем суреттер мол болады. Эзоптың шығармалары кейде өлеңмен, кейде прозалық, қара сөзбен жазылған. Жоғарыда Эзоптың шығармаларының қара сөзбен жазылғанын көрсек, оның бірқатары өлеңмен жазылған формасы да кезігеді. Мысал өлеңдердің поэмалар секілді кіріспеден, оқиға өрбуінен, шиленісуінен және шарықтау шегі мен қорытындыдан тұратын болса, Эзоптың өлең түріндегі жазылған, орыс және қазақ әдебиетіне етене таныс “Қасқыр мен қозы”, “Қарға мен түлкі”, “Түлкі мен жүзім”, “Құмырысқа мен шегіртке” және тағы басқа да мысалдары бар.

Славян-грек-латын мектебінде оқып жүрген тұста, осы мысалдардың бірқатарына кезіккен орыс мысалшысы Иван Крылов, оны орыстың өмір – тұрмысына, ойлау ерекшелігіне, сөз саптауына лайық етіп, кейін осы мысалды жазып шығады. Мұның ішіндегі аса белгілісі - “Қарға мен Түлкі” мысалын Ахмет Байтұрсынов өзінің “Қырық мысал” жинағында қазақтың қарапайым, кәдуілгі халыққа етене жақын сөздерімен, өлең формасындағы шығармасын жазады. Мысалда, ірімшік тістеген қарғаны көріп, оның олжасын алдап әкету үшін түлкі былай деп сайрайды:

“Тамаша қарағанда түрің қандай!
Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай!
Гауһардай қанаттарың жарқырайды,
Келісті қалай біткен және маңдай!

Көркемдік сипатыңнан табылғандай,
Дауысың да болса керек шырын балдай.
Көптен – ақ дауысыңды естісем де,
Болған соң келе алмадым жерім шалғай.

Нұрыңды күн секілді көріп тұрмын,
Шыдамай бойым балқып, еріп тұрмын.
Дауысыңды тым болмаса бір шығаршы,
Естуге құмар болып, ұйып тұрмын”деп [10, 144 б.] мақтайды.

Өлең жолдарына қарап, түлкінің қарғаны келеке етіп тұрғанын көреміз. Әйтпесе, қарғада ондай сұлулықтың ешқандай белгісі де жоқ. Түлкі табиғатында қандай қу болса, ақын оның тілінің сондай майдалығын, әккі, қу екендігін көрсету үшін, желдей есітеді. Ал оның әр сөзінің астарындағы басты мақсат - қарғаның ауызын аштырып, ірімшікті қағып алу болса, қарға түлкінің мазағын шын көріп, имандай сенеді.

“Өтірік мақтанға қарға еріп,
Қарқ етті пәрменінше жағын керіп.
Ірімшік қарқ еткенде жерге түсіп,

Жеп алып, түлкі кетті жортып-желіп” [11,144 б.] -деп, аяқталады. Түлкі мен Қарғаның оқиғасын ақын сатиралық образ жасаудағы бір тәсілі – сарказмді шебер пайдаланған. Өйткені күлкіге ұшырап қаламын – ау деген ойды қаперіне ілмеген ақымақ адамның, құр бос мақтанға желігіп, өзінің аузындағы асынан айырылып қалатын осы типтес категориядағы пенде аз ба? Осы образдағы адамдардың құр кеуделік, бөспелік пен мақтан құмар қасиеттері ерте заманда, өткен заманда, қазіргі заманда да бар болса, осы жиіркенішті әдет пен қасиеттен аулақ, қашық болуды өсиет еткен мысалшылардың туындылары қанша уақыт өтсе де өлмек емес.

Шығармалары мен өмірі аталып өткен, фригиядан шыққан ұсқынсыз құл Эзоп құрастырып жазып кеткен деген мысал жанры грек халқының арасында аса белгілі әдеби мұралардың бірі. Қазіргі әлем әдебиетінде мысал жанрының қалыптасуына Эзоптың енгізген еңбегі айтарлықтай. Ежелгі деректерде ауыз әдебиетіндегі мысал жанрының негізін қалаған да осы Эзоп болса, осы автордың қолынан шыққан болар дейтін жорамал бойынша, жазып кеткен мысалдарының өзі - 426 тарта болса, басқа деректе - 650. Сол мұралардың ішіндегі қазақ әдебиетіндегі ең белгілері “Қасқыр мен қозы”, “Қарға мен Түлкі”, “Бақа мен өгіз”, “Шегіртке мен құмырысқа”, “Қасқыр мен Тырна” т.б шығармалар. Бұлардың ішіндегі кейбір шығармаларды қазақтың белді ақын-жазушылары - Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Мәжит Дәулетбаев, Спандияр Көбеев қазақ тіліне тәржімалады.

Кейінірек мысал жанрының қалыптасуына кейбір сөз зергерлері жіті көңіл бөліп, оны басқа да әдеби формалары мен жазылу әдістерін өмірге әкелді. Мәселен, б.д. д I ғасырда өмір сүрген римдік ақындар Федр және б.д.д II ғасырда өмір сүрген Бабрий әлем әдебиетіндегі мысал жанрына өзіндік қолтаңбаларын қалдырды. Осы кәусар бұлақтан шығармаларына шұрайлы сюжеттер мен эпизод жолдарын тапқан, өз тұсында мысал жазған, замандастары ішінде әлем әдебиетіне есімдері белгілі, жаңа тұрғыдағы мысалшылар - Франциядан Лафонтен, Германиядан Лессинг, Ресейден И. Хемницер, А. Измайлов, И. Крылов, А. Пушкин және т.б. шықты.

Антика дәуірінде өмір сүрген авторлардың ішінде мысал жанрының кейбір үлгілерін Гесиодтың “Еңбек пен күндер” шығармасында, сонымен бірге паростық, VII ғасырдың басында өмір сүрген Архилохтың да еңбегінде кездестіреміз. Архилохтың мысалының ішінде, бізге үзінділерімен ғана жеткен “Қыран мен Түлкі” жөніндегі мысалды Эзоптың құрастырған мысалдарында да ұшырасамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сүйіншәлиев Х.ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті.-А.,1989.263-б.
2. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым. Шығ.- Алматы: Жалын, 2005. – 224 б.
3. Қоңыратбаев Т.Көне мәдениет жазбалары.-А.,2011., 196-б.
4. Әбсәлімұлы Т. Бие сауған байырғы жұрт пайдаланған ұлттық тағамдар және этногенездік тек // Ана тілі, - шілденің 20-сы, доңыз жылы.-12 б.; Гиппократ, “ВДИ”. 1947. – №2. – 296 с.; Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 645 с.; Позднейшие схолии, “ВДИ”. 1947. – №1. – 310 с.; Схолии к комедиям Аристофана, “ВДИ”. 1947. – №2. – 300 с.
5. Геродот. История: Перевод Г.А.Стратановского. – Ленинград: Наука,- 2012. –322 с.
6. Кун Н.А. Ежелгі Греция мифтері мен аңыздары. А., Мектеп. – 1974.
7. Молев Е. Эллины и варвары. – Москва: Центрполиграф, 2013. – 399 с.
8. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М-Л, 1979.С.310.
9. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – А,Аруна Ltd, 2005. – 316 б.
10. Машани А. Әл-Фараби және Абай. – т.2. – А,Алатау, 2005. – 352 б.
11. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым. Шығ.- Алматы: Жалын, 2005. 144 б.